Көшірме

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 7 шілде 3514-26-00-2/1486 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының:
судьясы А.Қ. Бекқожинаның төрағалық етуімен,
хатшылықта А.Т. Кабишеваның қатысуымен,
ашық отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «СӘБИТҰЛЫ» Айдын Сәбитұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ж. Мұратқызы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2026 жылы 24 ақпанда «Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – КММ і, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «СӘБИТҰЛЫ» Айдын Сәбитұлы (бұдан әрі – «СӘБИТҰЛЫ» ЖК, орындаушы) арасында бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып ал қорытындыларының негізінде құрылыспен байланысты емес жұмыстард мемлекеттік сатып алу туралы №960340000554/260046/00 келісім шар жасалды (бұдан әрі –шарт).

Сканировано с CamScanner

Шарттың мәні – кітапхана абонементі кеңістігін аймақтарға бөлуге арналған шыны қалқаларды техникалық спецификацияға сәйкес дайындау.

Шарттың жалпы сомасы – 1 498 000 теңге.

Шарт 2026 жылы 25 ақпанда аумақтық қазынашылық органында тіркелген.

2026 жылы 3 наурызда шарт өнім берушімен шарттың орындауын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – шарт күшіне енгеннен кейін күнтізбелік 20 күн өткен сон. Осылайша, жұмыстар 2026 жылғы 16 наурызға дейін орындалуға жатады.

Шарт 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Орындаушы жұмыстарды орындаған жоқ.

2026 жылы 17 сәуірде тапсырыс беруші біржақты тәртіппен шартты бұзды.

«Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-і «СӘБИТҰЛЫ» ЖК-і мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Талап шарт бойынша міндеттемелер орындалмағанға негізделген.

Талап қоюшының өкілі талапты қолдап, жауапкер жұмыстарды орындамағанын, шарт біржақты тәртіппен бұзылғанын түсіндірді.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ. Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК-і) 196-бабының 4-бөлігінің тәртібімен істі оның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 10.07.2026

Сканировано с CamScanner

Заңның 10-бабының 4-тармағына сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу, егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге өткізіледі. Бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 414-тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Сот мемлекеттік сатып алу бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен жүргізілгенін, оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарттар жасалғанын анықтады.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмыстарды уақытында орындауға келісті және міндеттеме алды.

Сонымен қатар, жауапкер жұмыстарды орындамады, орындаушының шарт бойынша міндеттемелері орындалмаған.

Талап қоюшымен Заңда көрсетілген мерзім сақталған. Шартты 2026 жылы 17 сәуірде бұзып, сотқа ағымдағы жылдың 13 сәуірде жүгінді.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот, АПК-нің 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «СӘБИТҰЛЫ» Айдын Сәбитұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «СӘБИТҰЛЫ» Айдын Сәбитұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Сканировано с CamScanner

Жеке кәсіпкер «СӘБИТҰЛЫ» Айдын Сәбитұлынан жергілікті бюджеттің кірісіне 2 163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья қолы А.Қ. Бекқожина

Көшірмесі дұрыс
Судья А.Қ. Бекқожина

Анықтама
шешім заңды күшіне енді 14.08.26 ж.

Судья А.Қ. Бекқожина.

Прошнуровано и пронумеровано на «___» листах.
Судья: Беккожина А.К.

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 10.07.2026

3514-26-3-1/1744

Сканировано с CamScanner